Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы , Ойыл ауданы

№ 1 « 31 »тамыз 2021 ж
Педкеңесте каралды

Бекітемін: 
Мектеп директоры : Ж.Ж Сундетов

Келісемін: 
Ойыл ауданының білім бөлімінің
басшысы С.Т.Меруенов
« 10 » қыркүйек 2021 жыл

# ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БІРІ – ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

( Белсенді –қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар)

## БАҒДАРЛАМАСЫ

Пайдаланушы : Салық Анархан
**Ә/Б отырысында қаралды**:---------------
Бірлестік жетекшісі: Л.А. Мусирова

**№** ---1----- « --27--- » ---08------ 2021 ж
Тексерілді : ---------------------------
Оқу ісінің орынбасары: С.К Дуйсегалиева

**2021-2022оқу жылы**

Ойыл аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет отырысында 2021 жылы 10.09. № 1 хаттама бойынша қайта қаралып, бастауыш класс мұғалімдеріне пайдалану үшін ұсынылады.

**Автор – құрастырушылар:**

**Ж. Дәулетқалиқызы, Ж. Махаева - Ойыл қазақ орта мектебінің бастауыш класс мұғалімдері**

**Пікір жазған:**

**Е.Б.Бегалин-** Аудандық білім бөліміне қарасты әдістемелік кабинет меңгерушісі.

2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
Жалпы білім беретін пәндердің,бастауыш сыныпқа арналған факультативтердің үлгілік оқу бағдарламасына сүйене отырып белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар негізінде**« Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар»** бағдарламасы жасалды.
Бұл курс бағдарламасы дене шынықтыру пәнінің ұзақ мерзімді жоспарының бөлімдері мен оқу мақсаттарына сүйене отырып құрылды.
Бастауыш класс мұғалімдеріне пайдалану үшін ұсынылады.

***Пайдаланушы:*** **Салық Анархан Аққалиқызы**

## Түсінік хат

2019-2020оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей, , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты,жалпы білім беретін пәндердің,бастауыш сыныпқа арналған факультативтердің үлгілік оқу бағдарламасына сүйене отырып « Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар» бағдарламасы жасалды және 2021-2022 оқу жылына сәйкес белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар жүктемесі вариативті бағдарлама негізінде қайта толықтырылды.

Бастауыш білім деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған барлық пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының «Оқыту мақсаттарының жүйесі» атты 3-тарауы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын қамтиды.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтары 2016 жылы 1 қыркүйектен бастап 1 сыныптардың білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламаларына енгізілсе,2017 жылы 2сыныптарға , 2018-2019 оқу жылы 3-сыныптардың, 2019- 2020 оқу жылында 4- сыныпқа жалпы білім берудің оқу бағдарламаларына енгізілді.

Осы бағдарламаның негізінде құрылып отырған аса құнды мұраларымыздың бірі –«Құндылықтың бірі -ұлттық ойындар» бағдарламасы.

Адам өмірінде ойындардың алатын орны ерекше. «Бала ойынмен өседі» деген сөз жайдан –жай айтыла салмаған.Адамның өсіп жетілуі үшін,тұрмыс-тіршілікте қажетті дағдыларды меңгеруде қимыл-қозғалыс ойындары үлкен маңызға ие болады.

Халқымыздың тарихи –мәдени мұраларының түрлері өте көп. Солардың қай-қайсысы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған.Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі-ұлттық ойындар болып табылады.

Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен ,дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор.Ұлттық ойын-баланың дамып жетілуіне,адамгершілік қасиеттерінің артуына,психикасына да тигізетін әсерін тигізеді.Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын,жерін,даму сатысын,әдет-ғұрпын,қонақ жайлылығын айқындап көруге болады.Балалардың бойында ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке,достыққа,сыйластыққа,кішіпейілдікке тәрбиелей отырып,яғни,адамгершілік қасиеттері де қалыптастырады. Басқа ойындар сияқты қазақтың ұлттық ойындар тәртібін бұлжытпай орындауы оқушыларды ойын барысында тәртіп сақтауы,бала кезден бастап тәртіпке,жинақылыққа,әділдікке баулып,адал,қайратты,қайырымды,өжет болуға тәрбиелейді. Жалпы,қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысының да қоғамдық және әлеуметтік мәні зор. Бұған қоса,ұлттық ойындар қазақ халқының о бастан ерекше мәдениетті болғанын айқындайды. Ата бабаларымыз ұлттық ойындар арқылыұрпақтың береке-бірлігімен ынтымағын жарастырып отырған.

Бұл курс бағдарламасы дене шынықтыру пәнінің ұзақ мерзімді жоспарының бөлімдері мен оқу мақсаттарына сүйене отырып құрылды.

Бұл курс бағдарламасы бастауыштың 2-4 сыныптарына арналған. Әр сыныпта аптасына 2-4сыныптарга - 34 сағатты құрайды.

Сондықтан да бастауыш сынып мұғалімі бағдарлама көлемінде ғана білім беріп қоймай,баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуі керек.

**Мақсаты:-** Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын,жерін,даму сатысын,әдет-ғұрпын көрсету; қимыл-қозғалыс ойындарында

танымдық іс-әрекет пен қабілеттерін ояту;

- Ұлттық ойындардың мәнін, мақсатын теориялық және іс-жүзінде ұғындыру;
- Оқушыларды әділдікке,адамгершілікке,шыдамдылыққа,достыққа,батылдыққа баулу;
- Патриоттық сезімге баули отырып,ұлтжандылыққа, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру;
- Ұлттық ойындар арқылы оқушыларды белсенділікке, тапқырлыққа, дәлдікке, көрегенділікке және күштілікке тәрбиелеу.

**Бұл бағдарламада төмендегідей бөлімдер қарастырылған:**

| № | Бөлім атауы | Теориялық мазмұны |
|---|---|---|
| 1 | Белсенді – қозғалмалы сипаттағы ұлттық ойындар | Белсенді – қозғалмалы сипаттағы ұлттық ойындар арқылы салауатты өмір салтын насихаттай отырып, ұлттық ойындардың ережелерін түсіндіру арқылы ойын түрлерімен таныстыру; |
| 2 | Жай қозғалысқа берілген ұлттық ойындар | Жеке және топтық ойындардағы көшбасшылық дағдыларды қолдану,физикалық дамуға арналған әрекеттерін көрсету.Жай қозғалысқа берілген ұлттық ойындарды үйрету. |
| 3 | Ат үстінде ойналатын ұлттық ойындар | Ат үстінде ойналатын ұлттық ойындар туралы білімдерін толықтырып , ойындар кезінде оқушылардың адамгершілік қасиеттерін,шығармашылық қабілеттерін көрсету; |
| 4 | Ойлауды дамытуға арналған жеке және топтық ұлттық ойындар | Ойлауды дамытуға арналған жеке және топтық ұлттық ойындар арқылы жеке және топпен ойнай білуге үйретіп, әр –түрлі жағдаяттардан шығу жолдарын көрсету; |
| 5 | Ойын арқылы танымдық қабілеті мен сахналық дағдыларды дамыту. | Ойын арқылы танымдық қабілеті мен сахналық дағдыларын баланыңшығармашылық дербестігін дамыту үшін қолданып, іс-жүзінде қолдана білуге баулу. |

**Жаңашылдығы:** Ұлттық ойындардың шығу тарихын,әйгілі спорт шеберлерінің өмір жолын танып білуге,өз бетімен ізденуге талпынады;

## «Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар» бағдарламасының күнтізбелік-тақырыптық жоспары
## 3сынып
## Аптасына 1 сағ, жылына 34 сағ.

| Бөлімі | Сабақтың тақырыбы | Тақырыптың мазмұны | Оқу мақсаттары | Сабақ-тың түрі | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-бөлім – Белсенді – қозғалмалы сипаттағы ұлттық ойындар | **Кіріспе. Қауіпсіздік ережесі** | Денсаулық туралы негізгі түсініктер. | 3.1.6.1 - оқытудың әр түрлі кезеңдерінде қауіпсіздік ережесінің дағдылары мен қабілеттерін тану. | | 1 | 7.09 |
| | «Көтермек» ойыны | Дене жаттығуларын орындау арқылы қыздырыну және қалпына келтіру техникасы. | 3.3.2.1 - қозғалыс әрекетіндегі дене қыздыру және қалыпқа келтіруді көрсету.<br>3.3.3.1 - қозғалыс әрекеттерін орындау кезінде ағзадағы физикалық өзгерістердің себептері жайлы пікірлесу.<br>3.1.2.1 - физикалық дамуға ықпал ететін қозғалыс әрекеттерін көрсету | Ойын сабақ | 1 | 14 |
| | «Соқыр теке»ойыны | | | Жаңа сабақ<br>Ойын сабақ | 2 | 21,28 |
| | «Атбақыл» ойыны | | | Ойын сабақ | 1 | 5.10 |
| **2-бөлім – Жай қозғалысқа берілген ұлттық ойындар** | «Оқтау тартыс » ойыны | Топтық ойындардағы көшбасшылық<br><br>Бірлескен ойындағы тактика және стратегия<br><br>Ойындағы қозғалыс тартыс | 3.2.8.1 - қозғалыс белсенділігіндегі рольдерді анықтау және көрсету.<br>3.2.2.1 командалық жұмыстағы көшбасшылық дағдыларды қолдану.<br>3.1.2.1 - физикалық дамуға ықпал ететін қозғалыс әрекеттерін көрсету.<br>3.2.1.1 қозғалысқабайланысты стратегия мен тактиканыдамыту<br>3.2.3.1 - дене жаттығуларын орындау кезіндегі бірлескен жұмысты дамыту | Жаңа білім беру<br>Ізденіс сабақ | 2 | 12,19 |
| | «Тақия тастамақ» ойыны | | | Жаңа білім беру | 1 | 26 |
| | «Ханталапай» ойыны | | | Жаңа білім беру<br>Ойын сабақ | 2 | 9,16.11 |
| | «Оқтау тартыс» | | | Жаңа сабақ<br>Ойын сабақ | 2 | 23,30 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қазақтың ұлттық ойындарына баулу. | | Жаңа сабақ | 2 | 7,14.12 |
| | «Асық ату»ойыны | | 3.2.7.1 - топтық және жарыс әрекеттері кезіндегі патриотизм көрінісін көрсету және дамыту. | Ойын сабақ | | |
| | «Арқан тартыс» ойыны | Ынтымақтастық және әділ ойын.<br>Қазақтың ұлттық ойындарына баулу.<br><br>Ынтымақтастық және әділ ойын. | 3.2.6.1 - -- әр түрлі жағдайлардағы өзінің шығармашылық қабілеттерін көрсету .<br><br>3.2.5.1 қозғалыс белсенділігі үрдісінде сыни ойлау ерекшеліктерін қолдану. | Жаңа сабақ<br><br>Ойын сабақ | 2 | 21,28.12 |
| **3-бөлім –Аттың үстінде ойнатылатын ұлттық ойындар** | «Көкпар тарту» ойыны | Көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған ойындар. | 3.3.2.1 - қозғалысәрекетіндегі дене қыздыру және қалыпқа келтіруді көрсету | Жаңа білім беру | 2 | 11,18.01 |
| | «Ат үстінде садақ ату» | | 3.1.2.1 - физикалық дамуға ықпал ететін қозғалыс әрекеттерін көрсету. | Ойын сабақ | 1 | 25 |
| | Аламан бәйге | Топтағы шығармашылықты дамытуға бағытталған ойындар. | | Жаңа білім беру | 1 | 1.02 |
| | «Теңге ілу» | | | Ізденіс сабақ | 1 | 8 |
| | «Ат омырауластыру» | | 3.2.7.1 - топтық және жарыс әрекеттері кезіндегі патриотизм көрінісін көрсету және дамыту | Жаңа білім беру | 1 | 15 |
| | «Аударыспақ» | | | Ойын сабақ | 1 | 22 |
| **4-бөлім – Ойлауды дамытуға арналған жеке** | «Ақ сүйек» ойыны | | 3.3.1.1 - салауатты өмір салты үшін дене белсенділігінің маңыздылығын талқылау.<br><br>3.2.7.1 - топтық және жарыс әрекеттері кезіндегі | Ізденіс сабақ<br>Ойын сабақ | 2 | 1.03 (8.03 мей кір) |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **және топтық ұлттық ойындар** | «Тоғызқұмалақ» ойыны | | патриотизм көрінісін көрсету және дамыту. | Жаңа сабақ<br>Ойын сабақ | 2 | 15,5.04 |
| | «Жүзік тағу» ойыны | | | Жаңа сабақ<br>Ойын сабақ | 1 | 12 |
| **5-бөлім – Ойын арқылы танымдық қабілеті мен сахналық дағдыларды дамыту.** | «Бестас» ойыны | Жарыс элементтері бар ойындар. | 3.3.2.1 – қозғалыс әрекетіндегі дене қыздыру және қалыпқа келтіруді көрсету<br>3.1.2.1 - физикалық дамуға ықпал ететін қозғалыс әрекеттерін көрсету.<br>3.1.5.1 - кеңістікте қозғалыс әрекеттерін орындау және анықтау.<br>3.1.4.1 - өзінің және басқалардың қозғалыс әрекеттерін талдау<br>3.2.5.1 қозғалыс белсенділігі үрдісінде сыни ойлау ерекшеліктерін қолдану | Ойын сабақ | 2 | 19,26 |
| | «Омпы» ойыны | | | Ойын сабақ | 1 | 3.05 |
| | «Қызыл ту» ойыны | | | Жаңа сабақ<br>Ойын сабақ | 2 | 10,17 |
| | Қорытынды сабақ | | | Қайталау | 1 | 24.05 |

## Күтілетін нәтиже:

-Қазақтың ұлттық ойындарын ойната отырып, оқытудың әдіс-тәсілдер жүйесі анықталады;
-Балаларды дамыту мақсатында қазақтың ұлттық ойындары іс-шара ретінде ұйымдастырылады;
-Ұлттық ойындарды ойнату арқылы оқушылардың психикасында сапалы өзгерістер (баланың зейіні, ойлауы, қиялдау қабілеті) туындайды;
-Ұлттық ойындары арқылы дамытатын оқу ортасы құрылды;
-Өз халқының салт-дәстүрін бойына сіңіріп, соның негізінде ұлттық – сана сезімі, ұлттық мәдениетін қалыптастырып жүзеге асырылады;
- Бала бойында қалыптасу керек барлық құзыреттіліктерге қол жеткізіледі.

**Пайдаланған әдебиеттер**

1. «Әлемдікжәнеұлттықспортойындары» - Алматы. «Мереке» 2014ж.
2. «Кел,балалар,ойнайық!»-Алматы. «Арда»2006ж.
3. «Қазақтың ұлттық ойындары»-Алматы. «Рауан»1991ж.
4. Дене тәрбиесі әдістемесі 2016ж.
5. «Дене тәрбиесі» оқулығы 1-4 сыныптар 2016ж.
6. «Сен білесің бе?» энциклопедияАлматы. «Аруна»
7. «Қазақтың ұлттық ойындары»- Алматы.1991ж.
8. «Ойнайық та,ойлайық»-Алматы. «Ана тілі»1996ж.
9. «Математикадан дидактикалық материалдар мен ойындар және қызықты тапсырмалар». Ә.Наурызбайқызы,Қ.Әубәкірқызы,С.Мұхамбетқызы. -Алматы. «Рауан»1994ж.
10. «Қуыр-қуыр,қуырмаш». С.Ахметов.-Алматы. «өнер»1993ж.
11. «Ұлттық ойындар-халық мұрасы». Атабаев А. С. –Алматы. 2006ж.
12. «Қазақтың ұлттық ойындары» , «Балауса» баспасы.
13. Қазақтың ұлттық ойындар А.Оралқызы желтоқсан 2016 жыл
14. Ұлттық ойындар жинағы мамыр 2012ж.
15. https://anatili.kazgazeta.kz
16. https://kk.m.wikipedia.org
17. https://massaget.kz
18. https://argymag.kz
19. https://syr-media.kz
20. https://ust.kz